



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№29 (91) 18 шілде 2025 жыл

Халықтар достығы

Байлық байлық емес, бірлік байлық

Жақында Іле ауданында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған “Ronaï” күрд этномәдени орталығы” қоғамдық бірлестігінің “Бірлікті сақтау - азаматтық парыз” тақырыбында жиын өтті. Шараға қоғам қайраткері, тіл жана-шыры Осман Асылы Әлиқызы, облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім және даму орталығы» мекемесінің қызметкерлері, күрд этномәдени бірлесті-гінің өкілдері, ұстаздар, спортшылар, оқушылар қатысты.



Жиын барысында өңірде этносаралық тұрақтылықты сақтау, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, жастарды салауатты өмір салтына баулу, этномәдени бірлестіктер жанындағы Ақ-сақалдар, Аналар кеңестері мен жастар қанатының жұмысын жүйелеу мәселелері көтерілді. Келген-дерді ең алдымен филология ғылымдарының док-торы профессор Асылы Әлиқызы құттықтап, өзінің жүрекжарды тілегін жеткізді. Бұдан соң осы шара-ны ұйымдастырушы әрі жиынды жүргізуші Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төраға-сының орынбасары, «Ronaï» күрд этномәдени ор-талығының төрағасы Гамзе Бадреевич Гейдаров бүгінгі басқосудың мақсаты мен мүддесін айтып, жиналғандарды өз ойларымен бөлісуге шақырды. Баяндама жасау үшін келесі сөз кезегі «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ басшысының орынбасары Айымжан Кәріпжанқызы Тәңірберге-новаға берілді.

-Бүгінгі күн – еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің нышанына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының қалыптасу тарихын, ұлтаралық татулық пен бірлікті дәріптейтін ерекше маңызды мереке,- деп атап өтті Айымжан Кәріпжанқызы өз сөзінде. - Бұл – барша этнос өкілдерінің Тәуелсіз Қазақстанның дамуына қосқан сүбелі үлесін бағалауға арналған күн.

30 жыл бойы ел ішіндегі тұрақтылық пен қоғам-дық келісімді нығайту жолында табысты қызмет етіп келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі аса маңызды. Этносаралық үйлесім мен өзара құрметтің арқасында еліміздің экономи-касы өркендеп, халықтың әл-ауқаты жылдан-жылға артып келеді. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның ең басты құндылықтарының бірі. Ендеше кез келген елдің тіле-гі де, арманы да халқының бейбітшілігі мен бірлі-гін сақтау екені сөзсіз. Өйткені, бейбіт өмір – бақыт, береке, бірлік әкелумен қатар болашаққа өрлеу мен өркендеуге жол ашады. Дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік-байлық»,- деп бекер айтпаса ке-рек. Бұқара халық әрдайым тыныштықта, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандайды. Ал, ұрпағының амандығы – келешегінің кемелдігін білдіреді. Өткен тарихқа көз салсақ, адамзат небір сұрапыл соғыстар-дан көз ашпады. Қаншама елдер соғыс зардабынан құлдырап, азып-тозды. Талай жазықсыз жандар сол зұлматтың зардабын шекті. Мұның барлығы бейбіт-шілік кеткен жерді берекесіздік жайлайтындығын тайға таңба басқандай етіп анық көрсетуде.

Бірлікті сақтау, соғыс отын тұтатпау, бейбітшілік

үшін күресу қазіргі XXI ғасырдың да ең өзекті мәселелерінің бірі деп айтуға болады.

Сол сияқты «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ эт-номәдени бірлестіктер жұмысын үйлестіру бөлімінің өкілі Жан-сұлу Жұмабиқызы Башенова сөз сөйлеп, әр түрлі ұлт өкілдері ара-сындағы өзара бірлік, ынтымақта-стық жайына, жастармен жұмыс жүргізу барысына тоқталды. Ол өз сөзінде Алматы облысында тұрып жатқан әр түрлі ұлт өкіл-дерінің бірлік пен ынтымақта-стықты сақтау жолында барлық мүмкіндікті жасап жатқандығын

айтты. Қай ұлт, қай ел болмасын бейбітшілікті, бір-лікті, ашық аспан мен бақытты, терезесі тең, кере-гесі кең елдер қатарында болуды аңсайды. Өйткені, татулық пен келісім, бейбітшілік пен тұрақтылық бар елді бақыт өзі іздеп келеді. Иә, этнос өкілдері арасында бірлік болса, олар ынтымақтастықта та-ту-тәтті өмір сүреді. Өзара сыйласып, ұйымшылдық көрсеткен кезде ғана бірлікке қол жеткізуге болады. Бұл-бөріміздің азаматтық парызымыз. Жас ұрпақты балабақшадан бастап ізгілікке, достыққа, мей-ірімділікке, бауырмашылдыққа тәрбиелеудің маңы-зы зор. Өйткені мейірімді әрі бауырмашыл бала өскенде айналасындағыларға құрметпен қарайтын болады.

Жиын соңында «Ronaï» күрд орталығының төрағасы Гамзе Бадреевич Гейдаров сөз тізгінін ұстап, бүгінгі салтанатты іс-шарада «Ronaï» күрд этномәдени орталығының жаңа мүшелерін таны-стырды. Бұдан соң күрд орталығы атынан білім, спорт және тәрбие салаларында ерекше жетістіктер-ге жеткен азаматтарды, оқу үздіктерін, үздік спорт-шыларды, мектеп директорлары мен ұстаздарды марапаттады.

Іле ауданы бойынша білім мен спортта жетістік-ке жеткен өзге ұлт өкілдерінің балалары арнайы ма-рапаттарға ие болды. Атап айтқанда, оқу озаттары, «Алтын белгі» иегерлері және түрлі спорттық сайы-старға қатысып, жоғары нәтиже көрсеткен оқушы-лар алғыс хаттармен және 50 000 теңге көлеміндегі ақшалай сертификаттар табысталды. Сонымен қар-тар, осы шара аясында Ащыбұлақ ауылдық округі Аналар кеңесінің төрағасы Гүлжан Құлымбаева мен кеңес мүшесі Чичек ханым қоғам өміріне қосқан үлесі, жастарды қолдауға бағытталған еңбегі үшін арнайы Алғыс хатпен және 50 000 теңге ақшалай сертификатпен марапатталды.

- Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, «Ronaï» күрд этномәдени орталығы атынан баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін,-деді Гамзе Ба-дреевич ризашылық сезіммен.- Біздің орталық Қа-зақстан халқының достығы мен ынтымағын арт-тыруға бағытталған бірқатар мәдени-ағартушылық және қоғамдық бастамаларға белсенді түрде ка-тысып келеді. Бұл біз үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Біз бірлігімізді, ынтымағымызды, татулығымызды әрдайым сақтай отырып, еліміздің жарқын болашағы үшін бірлесе еңбек етеміз деп се-немін. Ортақ үйіміз – Қазақстанда бейбітшілік пен келісім мәңгі орнасын!

Роза АЙДАРБЕКОВА.

Апта жаңалықтары

Болашақ жастардың қолында

Қонаев қаласы
Облыс орталығында “Жастар тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақыры-бы” атты «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.



Кездесуге қаладағы қоғамдық ұй-ымдардың төрағалары қатысты. Сон-дай-ақ, бұл шараға Қонаев қаласы қорға-ныс істер басқармасы бастығы, майор Манарбек Айтеленов, қалалық мәслихат депутаты Иманғали Игесінов шақырыл-ды. Жиынға қатысушылар жастар тәр-биесіне байланысты өз ойларын ортаға салып, өскелең ұрпақтың бойына ұлттық

құндылықтарды сіңіріп, оларды отанышылдыққа жетелейтін маңызды шара-ларды өткізудің қажеттілігіне тоқталды. Мектеп бітірген жастардың Отан ал-дында әскери міндетін абыроймен атқаруына тілек білдірді.

Алатау қаласы
12 шілде күні Алатау қаласына қарасты Заречный ықшам ауданын-дағы 6654 әскери бөлімінде жас ұрпақтың бойында патриоттық сана мен отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға бағытталған «Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» бойынша жастармен кезде-су ұйымдастырылды.

Шараға қалалық ардагерлер ұйымының мүшелері, әскери қызметкерлер, сарбаздар және жастар қатысты. Кездесу барысында ардагерлер жастарға Отан алдындағы борыш пен әскери қызметтің маңызы туралы айтып, өз өмір-лік тәжірибелерін ортаға салды. Әскери қызметкерлер бөлімнің тыныс-тір-шілігімен таныстырып, патриоттық рухты көтеретін қызықты ақпараттармен бөлісті. Жастар болса ардагерлер мен әскери қызметкерлерге өздерін толған-дырып жүрген мәселелерін көпшіліктің талқысына салып, соған байланысты сұрақтарын қойды. Олардың сұрақтарына тұщымды жауап қайтарылды.

Іле ауданы
Іле аудандық Ардагерлер үйінде маңызды жиын өтті. Жиынды Іле ау-даны Ардагерлер ұйымының төрағасы Ә Исаев ашты.

Бас қосуға бастауыш ардагер-лер ұйымының төрағалары, « Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдары, «Алатау жастары» ұйымының төрағалары және Іле ауданы әскери бөлім бастығының орынбасары Еркін Ізғалиұлы қа-тысты. Жиынның күн тәртібінде «Жастар тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты өзекті мәселе талқыланды.



Жиында алдағы жоспарлы іс - шараның барысы жайлы сөз қозғалды. Атап айтқанда, аталған тақырыпқа арналған кең көлемді кездесу 2025 жылғы 16 шілде күні 78460 әскери бөлімшенің ашық алаңында өтетін болып шешілді.

Осыған орай арнайы тізімдер жасалып, тиісті міндеттер бөлінді. Бастауыш ардагерлер ұйымының төрағаларына, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі төрай-ымдарына, «Алатау жастары» аудандық ұйымдарына өз салалары бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

Шараның мазмұнды өтуі үшін барлық қатысушы ұйымдардың үйлесімді әрекеті қажет екені баса айтылды.

Бұл бастама - жастардың бойына ұлттық рухты және олардың елге қызмет етуге деген ұмтылысты қалыптастыру жолындағы игі қадам болмақ.

Райымбек ауданы
Нарынқолда Райымбек аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бек-болат Бірбаевтың ұйымдастыруымен «Нарынқол» шекара бөлімінде жас сарбаздар мен аудан жастарының қатысуымен «Жастар тәрбиесі-а-дамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты ашық алаң форматындағы кезде-су өткізілді.



Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, патриот-тық рухты нығайту және олардың қоғамдық белсенділігін арттыру. Іс-шараға Райымбек аудандық «Ішкі саясат бөлімі» мемлекет-тік мекемесінің басшысы және «Алатау жастары» қоғамдық бір-лестігінің төрағасы арнайы қатысып, жастар тәрбиесі, отансүйгіштік пен аза-маттық жауапкершілік тақырыптарында мазмұнды ой-пікірлерімен бөлісті. Кездесу барысында жас сарбаздар мен аудан жастары өз сұрақтарын қойып, өмірлік тәжірибесі мол ардагерлерден құнды кеңестер алды.

Кеген ауданы
Жақында Қарқара ауылында орналасқан шекарашылар қосынынын-да Кеген аудандық ардагерлер, «Асыл ана», және «Алатау жастары» ұй-ымының қатысуымен “Жастар тәрбиесі- адамзаттың мәңгілік тақыры-бы атты” ашық алаң кездесуі болып өтті.

Бұл шараға әскер қатарына шақырылатын жастар, әр округ-тан келген қариялар мен әжелер, шекара сарбаздары қатысты. Ашық алаңға қатынасқандар сар-баздардың тыныс тіршілігімен, күнделікті өмірімен жете таны-сып шықты. Жас жігіттер жауын-герлермен қоян -қолтық әңгімелесіп, олардың өмірімен танысты. Ал, қари-ялар өздерінің жастық шақтағы әскерде болған кездерін еске алып, өнегелі әңгіме айтты. Сарбаздар шекара күзететін иттердің өнерін көрсетіп, қару-жарақ және күнделікті пайдаланатын құралдарымен таныстырды. Әскерден келген екі сарбазға аудандық әс кери комиссарит жоғарғы оқу орнына түсу сертификатын тапсырды. Соңында қатысушылар әскер ботқадан ауыз тиіп үлкен рақмет айтып тарасты.



Сала мамандары марапатталды

Ел Президенті Қ.Тоқаев 2025 жылды «Жұмыс-шы мамандықтарының жылы» деп жариялаған-ның бәріміз де білеміз. Осыған байланысты 1 Май ауылдық округінің әкімі Елдос Мұқатаев 9 шілде - Су шаруашылығы қызметкерлері,10 шілде - Ветеринариялық қызметкерлері мере-кесіне орай «Дөңгелек үстел» ұйымдастырды.

Бұл отырысқа ауыл ақсақалы Бұлар Мирманов, амбулатория меңгерушісі Мұхтар Бакбергеновты, «Айгөйлек»бала бақшасының меңгерушісі Бакыт Балиева, ардагерлер ұйымының төрағасы Бакытжан Әлменбетов, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Сәуле Аязбаева қатысты.

Табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметті, сыйлы демекші, ауыл әкімі қонақтарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, сала қызметкерлеріне «Алғыс хат» пен сыйлық табыстады. Марапат алған-дардың арасында Ғ.Құлсариев, Ж.Оразов, А.Баталова, А.Жігітов сынды жерлестеріне сыйлы азаматтар бар.



Әр мамандықтың өзіне тән қиыншылықтары бар. Ауылды жер болған соң су мәселесі қашан да бірін-ші орында тұрады. Ал, мал дәрігерлері қысы-жазы жерлестерінің малына уақтылы екпе жұмыстарын үздіксіз жасап, қой мен ірі қараны жұқпалы ауру-лардан сақтандырады. Мұның өзіне жетерлік жауапкершілігі бар. Жиналғандар шара барысында елдің ойында жүрген біраз мәселелерді қозғап, оны шешудің жолдарын қарастырды. Келген қонақтар жиын соңында сала мамандарының жұмысына та-быс пен сәттілік тіледі.

Қарасай ауданы

Алтын той

Бір әулетті бақыт, нұрға бөлеген

Өмір не деген тез өтеді. «Өмір өтіп барады ертеңменен, қайтем оны жанбаған, өртенбеген» деп ақын апайымыз Рза Қуноқова айтқан-дай, сол бақытты күннен бері міне 50 жыл өтіп кетіпті.

Менің атам Батырханның інісі Әшімханның әулетіндегі жалғыз ұлы Тілепалды ағам үйленді дегенде бүкіл ел – жұрт қуанды. Содан бері жарты ғасыр өтіпті.Әп - әдемі, инабатты, сұлу келіннің аты Құралхан екен. Сол кезде Құралхан 19 жаста болыпты. Жас болса да әулеттің бүкіл



техниканың құлағында ойнайды. Бір ұл мен үш қызды дүниеге әкелді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Немерелері – ата - әжесінің сүйіктілері.

Бір отбасының жалғыз ұлы Тілепалды мен Құралхан жақсылық көрсе тасымай, жамандық көрсе жасымай жақсы, үлгі боларлықтай күн кешуде. Құралхан – Жекенбай әкеміздің жалғыз қызы. Өмірде болатын барлық қиыншылықты жеңе білді. Ең қиыны бауыры, әке –шешенің шаңырағына ие болатын Айдынның қазасы еді. Бауырының қазасы Құралханды қатты есеңгіретті. Жүрегінің жартысын біреу жұлып алғандай қайғылы күн кешті. Қанша күнін жылаумен өткізді. Алайда, жасынан шыдамды болып өскен Құралхан жеңгем тағдырдың тәлкегіне өзінің сабырлығы мен шыдамдылығын қарсы қойды.

Жүрегі қан жылап тұрса да көзінің жасын ешкімге көрсетпей қайсарлық танытты. Ағам екеуі ертеңгі күннен жақсылық күтті. Құралхан жеңгем – бүгінгі келіндерге үлгі. Үлкен-кішінің айтқан сынын, жасаған ескертулеріне ешқашан ренжіген емес. Қазіргі таңда кей келіндерге ескерту жасап, жасаған ісінің дұрыс емес жағын айтсаң, төркініне қаша жөнеледі. Ал Құралхан жылына бір-ақ рет төркіндейтін.

«Өмірдің көрген талай жол, торабын» дегендей, Тілепалды мен Құралхан жолда кездескен үлкен асулардан өтіп, қазір кез

келген жас отауға үлгі бола алады. Солардан бүкіл бір әулет үлгі, өнеге алып отыр. Менің әжем Күміс Құралханға батасын беріп, отыратын. Сол батасы қабыл болды. Екі әулеттің үйлері бір-біріне өте жақын тұрдық. Әжем күнде таңертең тұра салып Мейіржан апам мен Құралханның қолынан самаурынның шайын ішу үшін солардың үйіне барып келетін. Ол жаққа бармаса, көңілі түсіп кететін. Бір әулетті бақыт нұрға бөлеген Тілепалды ағам мен Құралхан жеңгеме мың алғыс!

Ағамыз 75-ке келсе, жеңешеміз 70 атты асуды еңсерді. 50 жыл бірге ғұмыр кешкен ағам мен жеңгем аман болсын.

Рая ӘБІЛМӘЖІНҚЫЗЫ,
Ұйғыр ауданының
Құрметті азаматы.

Көші-қон

Қонаев қаласында Халықаралық көші-қон ұйымының қолдауымен жұмысқа орналасу мақсатында шетелге шығатын Қазақстан азаматтары үшін кетер алдындағы дайындығы орталығы ашылды. Қалалық Мансап орталығында қолға алынған бұл жоба облыстық еңбек мобилді орталығымен бірлесіп жүзеге асырылады.



Дайындық орталығы ашылды

Орталықтың мақсаты – еңбек мигранттарына жан-жақты ақпараттық және консультациялық қолдау көрсету, қауіпсіз және жауапты көші-қон туралы хабардар ету, шетелде жұмыс істеу және өмір сүру жағдайларына бейімделуге жәрдемдесу. Мұнда жұмысқа орналасуға өтініш беру, бейімделу, құқықтық сауаттылық және халықаралық еңбек ортасына табысты ықпалдасу үшін қажетті тәжірибелік дағдыларды дамыту мәселелерін қамтитын жұмыстар жүргізілетін болады.

Орталықтың салтанатты ашылу рәсімінде Алматы облысы әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы мұның әлеуметтік маңызды жоба екенін атап өтті. Бұл орталықтың кеңес беру мен шектеліп қалмай, әрбір адамның жан-жақты ақпарат алып, құқықтық сауаттылық, бейімделу, кәсіби дайындық және шетелдік еңбек ортасына қауіпсіз интеграциялау бойынша тренингтерден өте алатынын тілге тиек етті.

Алматы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Айгүл Ахметова Халықаралық көші-қон ұйымының жаңа орталыққа компьютер, лед экран, мемлекеттердің тулары, анықтамалық әдебиеттер және тағы басқа қажетті нәрселерді сыйға тартқанын тілге тиек етсе, облыстық еңбек мобилді орталығының басшысы Абылай Жұмабекұлы қонақтарды, ғимараттың ішін аралатып, бөлімдердің жұмыс барысымен таныстырды.

Шетелге шыққысы келген азамат бұл орталықтан виза алудан бастап, жұмысқа қалай орналасуға болатынын, қандай құжаттар керектігін, көрсетілетін қызметтерге қанша төлемақы төленетінін, сайттарда құжат рәсімдеу, ол жаққа барғанда жатын орын алу және тағы басқа қажеттіліктер жайлы толық кеңес ала алады.

Өз тілшімізден.

Жаныңда жүр жақсы адам

Саналы ғұмырын спортқа арнаған

Саналы ғұмырын спортты өркендетуге арнап, ерен еңбегімен халықтың құрметіне бөленіп жүрген азаматтар аз емес. Солардың бірегейі ретінде Қонаев қаласының спорт саласына сүбелі үлес қосқан Орынбай Тойлыбековты айтуға болады. Ол-өз мамандығына деген сүйіспеншілігінің арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткізген ардагер спортшы.

Орынбай Бейсенбайұлы 1952 жылы 17 сәуірде Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Төменарық станциясы жанындағы Қожамберді ауылында дүниеге келген. Классикалық күреспен жаттайынан шұғылданып, тоғызыншы класта оқып жүргенде, Қазақстанның құрама командасына кандидат болып қабылданады. 1969 жылы Алматы қаласында өткен Қазақстан командалық біріншілігінде әлем чемпионы, олимпиаданың күміс жүлдегері Владимир Бакулинді 4:3 ұлайымен ұтып, жеңіске жеткен 17 жастағы бозбаланың жұлдызы оңынан туып, жасөспірімдер арасында Алматы облыстық командасының капитаны болып бекітіледі.

1970 жылы Талғар қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы №2 орта мектепті бітіргеннен кейін, осы қаладағы облыстық балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне жаттықтырушы-оқытушы қызметіне жұмысқа шақырылады. Отан алдындағы азаматтық борышын Семей қаласындағы спорт ротасында өтеп келген соң Талғар қаласындағы спорт мектебіндегі қызметін қайта жалғастырып, 1976 жылы Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі және спорт институтына сырттай оқуға түсіп, 1980 жылы ойдағыдай бітіріп шығады.

1976-1977 жылдары Нарынқол ауданындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің аға жаттықтырушы қызметін атқарған жылдары облыс бойынша Нарынқол ауданының спортшылары бірінші орынға ие болып, 15 оқушы Қажымұқан Мұнайпасов атындағы интернат шәкірті атанады. 1978-1979 жылдары Талғар қаласында аға жаттықтырушы-оқытушы жұмысына қайта оралып, 150 спорт шеберлігіне кандидат, 220-ке жуық разрядшы оқушылар дайындайды.

1980 жылдың қыркүйек айынан бастап Қапшағай қаласындағы облыстық спорт комитеті жанындағы балалар мен жастар спорт мектебінің бас бапкерлігіне тағайындалады. Тәлімді тәрбиесінің арқасында ол тәрбиелеген шәкірттері облыстық жарыстардың жеңімпаздары атана келе, Қазақстанның классикалық күрестен құрама командасына кандидат болып қатыса бастайды. С.Мұрлыханов, Қ. Әділбеков, Б.Тенізбаев, С.Курятков, Р.Батырбеков, А.Қоқымбаев, Е.Бейсенбаев, В.Шингарей, И.Кудрявцев, А.Лүшев, М.Ысқақов, В.Петров спорт шебері мен кандидат шебері жоспарын орындаса, С.Мизарных Қазақстанның 5 дүркін чемпионы атанады.

Облыстық спорт және дене тәрбиесі комитеті Орынбай Бейсенбайұлының еңбегін бағалай келе, оны 1992 жылы 25 мамырда Қапшағай қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры етіп тағайындайды. Орынбай Тойлыбеков 22 жыл жаттықтырушы-оқытушы, 16 жыл Қапшағай қалалық балалар мен жасөспірімдер мектебіне басшылық жасап ұлағатты ұстаздық, өнегелі де іргелі істерді атқарды. Ол қарапайымдылығымен, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлығымен елге сыйлы бола білді.

Орынбай Тойлыбековты ардагер спортшылар: «Шәміл Серіков Олимпиада чемпионы болса да, елеусіз қалып қиналып жүргенде ешкімнен жасқанбай жұмысқа қабылдаған директор» деп әлі күнге дейін құрмет көрсетіп келеді.

Иә, 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасында Қазақстанға алғашқы алтын медальды сыйлаған Шәміл Серіковтың Қапшағай спорт мектебінде 3 жыл жұмыс істегендігін бүгін біреу білсе, біреу білмейді. Шәмілдің басына қиын-қыстау күндер туып, шарасыздықтан шаршап жүргенде, қорықпай көмектескен адам Қапшағай спорт мектебінің директоры Орынбай Тойлыбеков еді. Ол кезде республикалық спорт саласының басшылары тарапынан Шәміл Серіковты еш жерде жұмысқа алынбасын деген ауызша бұйрықтың үкімі қатал болатын. Бірақ соған қарамастан Орынбай Бейсембайұлы басына төнетін қауіп-қатерге қарамастан жолын тауып, жасырын түрде спорт мектебіне жаттықтырушы етіп орналастырады. Шәміл бұл жерде үш ай емес, 3 жыл жұмыс істейді. Бұны азаматқа тән Орекеннің ер мінезді мәрттігінен іздесек керек.

Шәміл Серіковтің 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасында алты белдесудің төртеуін мерзімінен бұрын аяқтап, екеуін айқын басымдықпен жеңген сәті таспаланып қалды. Гиннес рекордтар кітабының мамандары Шәмілдің бір минут ішінде алты лақтыру жасағанын тіркеп, кітапқа енгізді. Әлемнің бұқаралық ақпарат құралдары Шәмілдің күрестің шынымен классикалық түрін көрсеткендігін жарысып жазғандығын ешкім ұмыта қойған жоқ.

Олимпиада чемпиондарына үш бөлмелі жаңа пәтер кілті тапсырылғанда, Шәмілге ескі екі бөлмелі пәтер берілді. Шәміл күресті қойып, жаттықтырушы болып, шәкірттерінің жеңісін көру бақытына ие болғысы келетінін айтқан өтінішіне ешкім құлақ аспады. Одан жаңа



жеңістерді талап етті. Алайда, одан кейінгі жарыстарға ынтасыз қатысқандықтан жолы болмады. 1981 жылы БАМ құрылысшыларымен кездесуге барудан бас тартты, себебі ескі пәтеріне жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан болатын. Республиканың спорт басшылары Ш.Серіковке Олимпиадалық стипендиясын төлемеу туралы шешім шығарды. Тіпті Ауғанстандағы соғысқа да жібермекші болды, тек Шәміл құрамында болған «Динамо» спорт клубы әскери емес азаматтық болғасын, оларға ондай құқық берілмегендіктен аман қалады.

Ай сайын алып тұратын 680 сом олимпиадалық стипендия берілмегесін, отбасын асырау үшін қара жұмыс істеуге мәжбүр болды. Маусымдық қарбыз егетін көрістермен қарбыз екті, піскен қарбызды өткізу үшін КамАЗ-ды күзетіп баратын жерге апарды, жолда түрлі қауіп-қатерге де басын тігіп жүрді.

Бұл жөнінде Орекен: «Жұмысқа алу туралы өтініш жазып отырғанда Шәмілдің қолы қатты дірілдеді. Сонда мен: «Шәміл-ау, қолың неге дірілдеп тұр?» деп сұрадым. Шәміл: «Аға, менің екі балам бар, сіздің үш балаңыз бар. Өзім үшін емес, сіз үшін қорқып отырмын. Құртады ғой, осы үшін сіздің басыңызды алады» деді. Мен оған: «Қорықпа. Сен сияқты жігітке көмектеспегенде, кімге көмектесемін?» деп сабырға шақырған едім.

Шәмілдің Қапшағай спорт мектебінде жұмыс істеп жүргенін үш жылдан кейін ғана «Шаш ал десе, бас алатын» басшылар біліп қалып, Орынбай Тойлыбековтаноны жұмыстан шығаруға мәжбүрлейді. Тегеурінді қысым қойсын ба? Орекеннің көнуден басқа амалы қалмай, Шәмілмен

қоштасуына тура келеді. Шарасыздықтан шаршаған Шәміл Кәрімұлы Мәскеуге барып, КСРО Спорт комитетінің төрағасы Александр Пархоменкоға жолыққанда, ол таң қалып:«Алматыға қайта бер, жаңа штат ашқызып беремін» дейді. Алматыға келген бойда Қазақ КСР спорт комитетіне барғанда, ол штатқа басқа адамды алып қойыпты. Осылай әбден шарасы таусылып, өмірден түңіліп, салқын саясат салдарынан күрестен де, оның айналасындағы барлық игіліктен де қағылған Шәміл 1989 жылдың 22 қарашасында 33 жасында дүниеден өтті.

Шәміл Серіков атындағы тұңғыш турнирді және қатарынан 2 рет Қапшағай қаласында өткізудің ұйымдастырушысы да Орынбай Бейсенбайұлы болды. Одан кейінгі турнирлер Алматы қаласында жалғасты.

«2013 жылы Шәміл Серіковтың есімі Халықаралық біріккен күрес федерациясының FLA-нің Даңқ Залына алтын әріптермен жазылды. Бұндай құрметке ешқандай қазақ балуаны ие болған жоқ, енді ие бола алмайтын да шығар» деп Орекен әңгіме арасында терең күрсіне отырып айтқан еді.

Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері, «За доблесть и честь» орденінің иегері, Қонаев қаласының Құрметті азаматы, спорт ардагері Орынбай Тойлыбеков зайыбы Күміс Аққойшықызымен екеуі ұлдары Талғат пен Болаттан, қызы Салтанаттан өрбіген Даниял, Абылай, Байғали деген немерелерінің ортасында шуақты таңдарын қарсы алып, келіндері Назым мен Арайдың қызық-қуанышын бірге бөлісті.

Орынбай Бейсембайұлы-Қонаев қалалық ардагер кеңесінің белді мүшесі болумен қатар, ұйымның спорт секторының жетекшісі. Ардагерлер тарапынан ұйымдастырылған шахмат пен дойбы және бильярд пен теннис ойындарының жарыстарында қазылар алқасының құрамынан табылып жүр.

- Спорт- ұлттың намысын айқындайтын, халықтың жанкүйерлік рухын көтеретін, деннің саулығын нығайтатын көрсеткіш болғандықтан соңғы жылдары Қонаев қаласында спортты дамытуға айрықша көңіл бөліне бастады. Спорттық инфрақұрылымдар жаңғыртылып, аулаларда жаңа спорт алаңдары көбейе түсті. Жалпы, адамның бойында туа біткен қандай да бір іске деген қабілеті болады, оны қолданса, дарындылығы байқалады, әрі қарай дамып, жетілдірсе, талантқа айналады. Дамытпаса, бойындағы қабілет жұмбақ күйінде қалып қояды. Спорт та, спортшы да сол сияқты. Спорттың кез келген түріне деген бірінші бойда қызығушылық керек. Ал оны әрі қарай дамыту спортшының өз қолында, - дейді спорт ардагері.

Заңғар АЛТАЙ.

Өнер саңлағы

Өмірі-үлгі, өнері-өнеге

Қазақ халқы-өнер мен мәдениетті ерекше қастерлеп, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған дана ел. Осындай рухани құндылықтардың жаршысы, ұлттық өнердің шынайы жанашыры болған тұлғалардың бірі – Өлібек Нұрқожа. Оның өмірі мен шығармашылығы – қазақ өнерінің жарқын беттерінің бірі. «Өмірі-үлгі, өнері-өнеге» деген сөз дәл осы азаматқа арналып айтылғандай.

Туған жерінен басталған өнер жолы Өлібек Нұрқожа 1937 жылы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Көктөбе ауылында дүниеге келді. Кішкентайынан өнерге, сазға, суретке, сахнаға бейім бала алғашқы білімін 1955 жылы Есік қаласындағы «Молоотов» атындағы орта мектепті тәмамдаған соң, Талғар қаласындағы «Механизация» техникумына түсіп, оны 1959 жылы бітірген. Еңбек жолын Талғардағы механизация техникумында оқып, өмір жолын ұстаздықтан бастады. Бұл жылдар оның тек кәсібі емес, азаматтық қалыптасуына да үлкен үлес қосты. Сонымен қатар, Еңбекшіқазақ ауданында комсомол комитетінің аппаратында қызмет атқарған.

Мәдениет пен өнерге арналған ғұмыр Өлібек ағаның өнер жолындағы шын мәніндегі ірі қадамы 1961 жылы басталды. Ол Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармонияға әнші ретінде қабылданып, көп ұзамай республика көлемінде өнерімен таныла бастады. 1962 жылы Мәскеуде өткен Қазақстан өнерінің онкүндігіне қатысып, қазақ мәдениетінің абыройын асқақтатты.

Оның шығармашылығы сан қырлы: әнші, сазгер, ақын, режиссер, суретші және ұйымдастырушы. Өлібек Нұрқожа – нағыз көпқырлы талант иесі. Ол «Қыз Жібек», «Еңлік-Кебек» сынды әйгілі қойылымдарды халық театры сахнасына шығарып, өзі басты рөлдерді сомдаған.

Сазгерлік өнері – халықтың жүрегіне жол тапқан әндері. Ол-200-ден астам әннің авторы. Әндері сырлы, жүрекке жақын, ұлттық рухқа толы. Оның шығарма-

ларын Қазақстанның белгілі әншілері орындап, үлкен сахналарда паш етті. Оның әндері арқылы талай жүрек тебіренді, қаншама адам шабыт алды, үміттенді.

Қылқалам иесі табиғатпен үндес суретші Өлібек Нұрқожаның өнері тек музыкамен шектеліп қалған жоқ. Ол – табиғатты сүйген суретші. Оның «Көктем суы», «Аңырақай шайқасы», «Көкпар» сынды туындылары – тек көркем бейне емес, рухани тереңдікке толы шығармалар. Жалпы саны 200-ден аса сурет салып, халық назарына ұсынып үлгерді.

Ұрпаққа қалдырған ұлағат, өмірінің соңғы жылдарында ол «Ардагерлер» ансамблің ұйымдастырып, оған жетекшілік етті. Бұл ұжым – оның өнерге, халыққа деген шексіз сүйіспеншілігінің дәлелі. Ансамбль облыстық, республикалық байқауларда жеңімпаз атанып, Өлібек ағамыздың есімін қайта-қайта биікке көтерді.

Өлібек Нұрқожа – тұтас бір дәуірдің рухани айнасы. Оның өмірі – еңбекке, өнерге, елге деген адалдықтың көрінісі. Оның бойындағы таланты, жауапкершілігі мен ұлттық өнерге деген махаббаты – әрбір жасқа үлгі. Осындай тұлғаның өмір жолын танып-білу – кейінгі ұрпақтың рухани байлығы. Сондықтан да, Өлібек Нұрқожаның өмірі – үлгі, өнері – өнеге.

Г.ТӨРЕХАНОВА,
«Алматы облысының мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Іле филиалының директоры.

Здравоохранение

Работает в сотрудничестве с зарубежными клиниками

В городе Конаев руководство областного управления здравоохранения провело встречу с населением Алматинской области, где отметило, что здесь создается больница нового уровня. С каждым годом улучшается ее материально - техническое оснащение, коллектив активно работает на повышение доступности и качества оказания медицинской помощи населению.



Жители города Конаев, в условиях комплекса операционного блока и вне его, имеют возможность получать современный метод обследования - магнитно-резонансную и компьютерную томографию. Операционный блок оснащен новейшей эндоскопической техникой, УЗИ-аппаратами экспертного класса, что позволяет быстро и качественно выполнять все виды диагностических исследований. Необходимо отметить, что для медицинского учреждения была приобретена артроскопическая стойка, многофункциональный комплекс, как ЛОР-комбайн.

Медицинское учреждение работает в сотрудничестве с зарубежными клиниками и медицинскими центрами Российской Федерации, в которых врачи имеют возможность постоянно повышать свои навыки и квалификацию. В ФГБУ НМИЦ имени В.А. Алмазова работает телемедицинский центр, оснащенный всем необходимым оборудованием для организации телемедицинских консультаций в режиме реального времени. Стоит отметить, что врачи областного центра Алматинской области не только на онлайн-связи с Центром, но и улучшают свои навыки и знания в его стенах лично.

В своём выступлении заместитель руководителя управления здравоохранения Тажеков Алимбек Мухтарович обозначил несколько приоритетных направлений развития здравоохранения области, это расширение охвата и обеспечение доступности мед.услуг в организациях первичной медико-санитарной службы, развитие сельской медицины, улучшение лекарствен-

ного обеспечения. «Основным звеном в системе здравоохранения является первичная медико-санитарная помощь - это служба, которая призвана координировать всю медицинскую помощь населению и это важно», - отметил Алимбек Мухтарович .

Среди участников встречи с населением был и житель села Миялы Балхашского района, который поблагодарил руководство Управления здравоохранения за строительство фельдшерско - акушерского пункта, так как жителям села теперь нет необходимости ехать в райцентр за медицинской помощью. Отметим, что объект построен в рамках предвыборной программы партии АМАНАТ - «Вместе с народом!».

В ходе встречи с руководством УЗ Алматинской области граждане задавали различные вопросы о сроках строительства новой детской поликлиники в городе Конаев, об услугах государственного сервиса «Социальный кошелек» и о бюджете на развитие инфраструктуры и повышение доступности медицинских услуг для населения.

Руководство ведомства дало исчерпывающие пояснения на каждое обращение жителя области, взяв ряд вопросов на личный контроль, поручив отработать решения профильным учреждением и намерено подобные встречи проводить чаще.

Айна МУКАНОВА,
Пресс - секретарь городской многопрофильной больницы города Конаев

Оймақтай ойлар

Біздің қазақ: «Көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік. Құлақ пен көздің арасы бір-ақ тұтам жер емес пе?» – дейді. Көз бен ауыздың арасын, мұрын мен ауыздың арасын, құлақ пен ауыздың арасын есептеген кісі бар ма? Көріп тұрса да, інісін біліп тұрса да, арам екенін естіп тұрса да асай беретін жебір ауыздарды қайтеміз?

Есептеген кісі бар ма?

ТҮСІНБЕЙМІН

Бәйгеден тұлпары оқ бойы озып келгенде терең суға түсіп, арғы жағаға аман шыққан кісідей қуанған кісіні көрдім. Сүйікті командасының ойыншысы қақпаға гол соққанда әйелі ұл тапқандай қуанған жанкүйерді көрдім. Бокста жеңіс тұғырына көтеріліп, елдің әнұраны ойналғанда көзінен жас шыққан жерлестерімді көрдім. Ал көкейден керемет жыр жолдары шыққанда қол соғатын қошеметшілер неге аз? Соны түсінбеймін.

АҒАШ

Ағаштың ұшы биікте тұрса да адамға пайдасы жоқ. Сол ағашты ұстап тұрған тамыр көзге көрінбейді. Бұтақтар мен жапырақтар туралы сөз басқа. Тақтайлар болса қайдан шыққанын біледі. Ағаш туралы айтқанда осының бәрін ескерген дұрыс.

ТІЗГІНШІ

Жүргізуші деген сөзден жалыға бастадық. Өйткені, көлік айдаушы да – жүргізуші, хабарды ұйымдастырушы да – жүргізуші, жиынды басқарған кісі де – жүргізуші. Қазақта тізгінші деген әдемі сөз бар. Яғни, кез келген көлікте руль ұстаған адам тізгінші. Хабарды жүргізуші журналист тізгінұстар. Орыстың «водитель» және «ведущий» деген сөздерін тікелей жүргізуші деп аудару – өрескел қате.

ҚОЙДЫҢ БАСЫ

Жоғарғы шенділер жиналған басқосуда қойдың басын қолына алған беделді ақсақал, менің ойымша тілді депутаттарға, көзді министрлерге, құлақты әкімдерге, миды Премьер-министрге беруі керек. Қалған құйқаның қызығын халық көруі керек.

БОЛАР МА ЕКЕН?

Авторы да, атауы да көрсетілмеген кітап сатылымға түссе, оны сатып алатындар болар ма екен? Оны алатындар, алдымен ішін ашып көрсе, әрине, болады. Іші сылдыр су кітапты не авторына, не атауына қарап алатындар да болады.

КІМНЕН КӨРЕМІН?

Тісім ауырса, тәттіден көремін. Тамағым ауырса, суықтан көремін. Белім ауырса, ауырдан көремін. Шаншу қадалса, желден көремін. Жүрегім ауырса, кімнен көремін?

ҚОЛ ЖАЮ

Белгілі азамат қайтыс болғанда оған топырақ салып келгеннен кейін ас берілді, дұға оқылды. Келгендер қатарында ұлты басқа кісілер де болды. Бір байқағаным, олардың кейбіреуі бата бергенде, құран оқығанда қолдарын жаймады. Сонда бұлар ас жеуге ғана келген бе деген ой келді. Жанымда отырған бұрын басшы болған біреуіне ақырын ғана: «қол жайғанның ешқандай ерсілігі жоқ, оның дінге қатысы жоқ, мұсылман болып кетпейсіз, қол жаю айтылған тілекке қолдау білдіру» деп едім, басын изеді де қойды, былқ еткен жоқ.

АҚЫЛБЕК ШАЯХМЕТОВ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының
бүгінгі санның таралымы – 3400
Тапсырыс №1557
Индексі – 65472.